



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 12 қазан

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *562*

город Астана

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25-2) -тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктері құрылсын.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерінің қызметтері туралы ереже бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «12» қазандағы
№ 56д бұйрығына 1-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің
республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің құрамы**

№ р/н	Лауазымы
1.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, төраға;
2.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры, төраға орынбасары;
3.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің бас сарапшысы, хатшы;
4.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры орынбасары;
5.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің басқарма басшысы;
6.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медицина білім беру басқармасының басшысы (келісім бойынша);
7.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Білім беру және ғылыми қызметі басқармасының басшысы (келісім бойынша);
8.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылыми қамтамасыз ету және әлеуметтік саясат басқарма басшысы (келісім бойынша);
9.	Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Адами капиталды дамыту департаментінің директоры орынбасары (келісім бойынша);
10.	Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры;
11.	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры;
12.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры;
13.	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры;
14.	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің ректоры;
15.	Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры (келісім бойынша);
16.	Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры

	(келісім бойынша);
17.	Ұлттық медицина университетінің ректоры (келісім бойынша)
18.	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры;
19.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры;
20.	Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры;
21.	Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің ректоры;
22.	М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры;
23.	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ректоры (келісім бойынша);
24.	М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің ректоры (келісім бойынша);
25.	Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры (келісім бойынша);
26.	Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры (келісім бойынша);
27.	М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының ректоры (келісім бойынша);
28.	Алматы технологиялық университетінің ректоры (келісім бойынша);
29.	Қазақ спорт және туризм академиясының ректоры (келісім бойынша);
30.	Нархоз университетінің ректоры (келісім бойынша);
31.	Азаматтық авиация академиясының ректоры (келісім бойынша);
32.	Халықаралық білім беру корпорацияның ректоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «к» қарашаның
№ 362 бұйрығына 2-қосымша

Қадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Оқу-әдістемелік бірлестіктер болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы атауы
6B01 -7M01 – 8D01 Педагогикалық ғылымдар	011 Педагогика және психология	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
	012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
	013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
	014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Музыка бойынша мұғалімдерді даярлау, Бейнелеу өнері және сызу бойынша мұғалімдерді даярлау)
		М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Алғашқы әскери дайындық бойынша мұғалімдерді даярлау, Кәсіптік білім бойынша мұғалімдерді даярлау)
		Қазақ спорт және туризм академиясы (Дене шынықтыру және спорт бойынша мұғалімдерді даярлау)
	015 Жаратылыстану пәндері бойынша	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

	мұғалімдер даярлау		университеті
	016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау		Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
	017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау		Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
	018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау		Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
	019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау		Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
6B02-7M02 – 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	021 Өнер		Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
	022 Гуманитарлық ғылымдар		Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
	023 Тілдер және әдебиет		Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
6B03 -7M03 – 8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	031 Әлеуметтік ғылымдар		Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
	032 Журналистика және ақпарат		Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
6B04 -7M04 – 8D04 Бизнес, басқару және құқық	041 Бизнес және басқару		Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Аудит және салық сау)
			Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Менеджмент және басқару)
			Нархоз университеті (Қаржы, банк ісі және сақтандыру ісі, Маркетинг және жарнама, Елбек дағдылары)
	042 Құқық		М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ

6B05 -7M05 – 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	051 Биологиялық және сабақтаc ғылымдар 052 Қоршаған орта 053 Физикалық және химиялық ғылымдар 054 Математика және статистика 055 Геология	университеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің ректоры
6B06 -7M06 – 8D06 Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар	061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар 062 Телекоммуникациялар	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті Алматы энергетика және байланыс университеті
6B07 -7M07 – 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	071 Инженерия және инженерлік іс	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті (Электроника және автоматтандыру) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Химиялық инженерия және процесстер) Алматы энергетика және байланыс университеті (Электротехника және энергетика, Ғарыштық техника және технологиялар) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қоршаған ортаны қорғау және нанотехнологиялар материалтану)

	<p>Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Механика және металл өңдеу)</p> <p>Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті (Теңіз техникасы және технологиялар)</p> <p>Азаматтық авиация академиясы (Авиациялық техника және технологиялар)</p> <p>М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы (Көлік, көлік техникасы және технологиялары)</p> <p>Алматы технологиялық университеті (Азық-түлік өндірісі, Тоқыма материалдар технологиясы және жобалау)</p> <p>Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті (Тау-кен ісі және пайдалы қазба орындарын барлау)</p> <p>Халықаралық білім беру корпорациясы</p> <p>М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті</p> <p>Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры</p> <p>Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры</p> <p>Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры</p> <p>Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры</p> <p>Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры</p>
072	Өндірістік және өңдеу салалары
073	Сәулет және құрылыс
074	Су шаруашылығы
081	Өсімдік шаруашылығы
082	Мал шаруашылығы
083	Орман шаруашылығы
084	Балық шаруашылығы
085	Жерге орналастыру
6B08 -7M08 – 8D08	Ауыл шаруашылығы және биоресурстар

	086 Су ресурстары және суды пайдалану	ректоры Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры
6B09 -7M09 – 8D09 Ветеринария	084 Ветеринария	Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры
6B10 -7M10 –7R10- 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)	101 Денсаулық сақтау 102 Әлеуметтік қамтамасыз ету	Ұлттық медицина университетінің ректоры Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
6B11 -7M11 – 8D11 Қызмет көрсету	111 Қызмет көрсету саласы	Қазақ спорт және туризм академиясы (<i>Туризм және спорт</i>) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (<i>Мәдени-тылғу жұмысы</i>) Алматы технологиялық университеті (<i>Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесі</i>) Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
	112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	
	113 Көлік қызметтері	М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «12» қарашаның
№ 562 бұйрығына 3-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің
республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау
бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерінің қызметтері туралы
ереже**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер қызметтері туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 25-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі - РОӘК) кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің (бұдан әрі - ОӘБ) қызметіне жалпы басшылық етеді және консультативтік-кеңесші жұмыс органы болып табылады.

3. ОӘБ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында құрылады және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі консультативтік-кеңесші жұмысшы органдары болып табылады.

4. ОӘБ заңды тұлғалар болып табылмайды, және олардың базасында құрылған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары олардың қызметін қаржыландырады.

5. ОӘБ қызметі:

- ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі дамуының тәсілдерін жасауға;

- әлемдік білім беру кеңістігінде қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиясын қалыптастыруға қатысуға;

- өзгертін жағдайлар мен жаһандық сын-тегеуріндерді ескере отырып, білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйелерін жетілдерудің әдістері мен тәсілдерін әзірлеуге бағытталған.

6. ОӘБ қызметін басқару білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - РОӘК) жүзеге асырады.

2-бөлім. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі қызметінің тәртібі

7. РОӘК-тің жұмыс органы құзыретіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің даму мәселелерін қарастыру кіретін білім беру саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

8. РОӘК отырысын РОӘК төрағасы, ал оның жоқ кезінде – РОӘК төраға орынбасары өткізеді.

9. РОӘК отырыстарының мерзімділігі – жылына кемінде 2 рет.

10. РОӘК шешімдері отырыста құрамның жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда, төраға дауысы шешуші болып табылады.

11. РОӘК отырыстары және олардың қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделінеді. РОӘК отырыстарының хаттамаларға төраға ететін және РОӘК хатшысы қол қояды.

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы РОӘК отырыстарын ұйымдастырады, РОӘК шешімдерінің іске асыруын қамтамасыз етеді және оның қызметінің іс қағаздарын жүргізеді.

13. РОӘК қызметінің пәніне:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кадрларды даярлаудың бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерінің оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысына басшылық ету;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпалдасу;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және басқа оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау;

- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлаудың бағыттары жіктеуішіне жаңа бағыттарды енгізу бойынша ұсыныстарды келісу;

- инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсыныстарды қарастыру және дайындау;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының инновациялық тәжірибесін жинақтау және оны енгізу бойынша ұсыныстарды дайындау;

- қосымша білімнің және педагогикалық мамандарды даярлаудың, қайта даярлаудың, олардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламалары жөнінде ұсынымдар дайындау;

- білім беру саласындағы оның ішінде Еуропалық Кенестің, Болон үрдісінің Хатшылығын, Болон үрдісінің міндетті мәселелерін орындау бойынша Жұмыс тобын, Болон процесінің ұсынымдық және қосымша параметрлерін, халықаралық ынтымақтастық неғұрлым перспективалық және тиімді бағыттарын талдау және анықтау;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Болон декларациясының, білім берудің кредиттік технологиясының, академиялық ұтқырлықтың, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету және кепілдендіру қағидаларын енгізу және жылжыту жөніндегі жұмысын үйлестіру;

- алдағы оқу жылына ОӘБ жұмыс жоспарымен келісу;

- ОӘБ және оның мүшелері қызметін бағалау бойынша жұмысты жүргізу.

14. РОӘК құқығы:

- ОӘБ-тен және (немесе) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін ақпараттық және өзге де қажетті материалдарды сұрату;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарын дамыту жөніндегі мәселелерге, сондай-ақ оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және әзірлеу үшін жұмыс топтарын құру;

- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференцияларды, семинарларды және дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға қатысу;

- РОӘК немесе ОӘБ құрамынан олардың мүшелерін алып тастау;

- РОӘК және ОӘБ мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы өтініш ету.

3-бөлім. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер қызметінің тәртібі

15. ОӘБ құрамына төраға, оның орынбасары, хатшы, кадрларды даярлауды жүзеге асыратын тиісті бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары орыннан кейінгі білім беру ұйымының өкілдері, жұмыс берушілер өкілдері, жұмыс берушілер қауымдастығы, халықаралық және үкіметаралық ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдары және өзге де мүдделі органдар, педагогикалық және ғылыми қызметкерлер кіреді.

16. ОӘБ жанынан ОӘБ-тің ұсынысы бойынша РОӘК бекітетін кадрларды даярлау бейіні бойынша секциялар құрылады.

ОӘБ құрылымы және секция құрамы ОӘБ-мен дербес бекітіледі.

17. ОӘБ-тің қызметі оқу жылына құрастырылған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады және ОӘБ-тің төрағасымен бекітіледі.

18. ОӘБ мүшелерінің алдын ала келісімі бойынша отырыстың күн тәртібі ОӘБ төрағасымен бекітіледі.

19. ОӘБ отырысын ОӘБ-нің төрағасы жүргізеді, ал ол болмаған жағдайда ОӘБ төрағасының орынбасары жүргізеді.

20. ОӘБ-тің шешімдері отырысқа 2/3-тен кем емес құрамы қатысқан жағдайда қарапайым көпшіліктің дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ұсынымдық сипатқа ие болады. Дауыстардың саны тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. ОӘБ-тің отырысына қатыса алмайтын ОӘБ мүшелері онлайн трансляция арқылы немесе Хатшылықпен келісілген басқа электрондық тәсіл арқылы дауыс бере алады.

21. ОӘБ отырысы және отырыста қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді. ОӘБ отырысының хаттамаларына ОӘБ төрағасы мен хатшысы қол қояды.

22. ОӘБ-нің шешімінің көшірмелері білім беру саласындағы уәкілетті органға және ОӘБ құрамына кіретін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарға жіберіледі.

23. Ағымдық ұйымдастырушылық жұмыстарды, құжаттамалар мен іс жүргізуді ОӘБ-тің хатшылары жүзеге асырады.

24. ОӘБ хатшысы отырыстарды ұйымдастырады, ОӘБ мүшелері үшін ақпараттық – технологиялық алаңын қамтамасыз ету, оның ішінде ОӘК мүшелері мен білім беру саласындағы уәкілетті органның қол жетімді байланыс құралдары арқылы олардың құзыреті шегінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге келіп түскен өтініштерге жауап береді.

25. ОӘБ қызмет пәніне:

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сыртқы және ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орынан кейінгі білім беру ұйымдары, жұмыс берушілердің өкілдері, аккредиттеу агенттіктері және басқа ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

- жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру бойынша ұсынымдар, жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беретін кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін дайындау;

- ұлттық біліктілік талаптарына, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім беру саласындағы оқу нәтижелерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау;

- әдебиетті, электрондық дерекқорларды және басқа қажетті ресурстарды профессор-оқытушылар құрамының кадрлар даярлау бағыттарына жетекшілік ететін оқу курстарымен қамтамасыз етілуін бақылау;

- жоғары, жоғары оқу орынан кейінгі және қосымша білім беретін кадрларды даярлаудың жеткілік ететін бағыттарында әр түрлі деңгейдегі оқу басылымдарын, тест тапсырмаларын, оқу құралдарын, оқулықтарды, рецензиялауды, сараптамаларды өткізу;

- жоғары білім беру ұйымына түсу кезінде кадрларды даярлау бағыттары бойынша талапкерлердің ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеудегі бейіндік пәндерді анықтау үшін ұсыныстарды қалыптастыру, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың пәндер бойынша оқу жетістіктерін сырттай бағалау;

- инновациялық білім беру технологияларын енгізу және көптілді білім беруді, дуальды білім беру жүйесін енгізудің озық тәжірибесін тарату бойынша ұсыныстар дайындау;

- білім беру бағдарламаларының мазмұны және оқыту әдістерін ескере отырып, күту және жұмыс берушінің талаптарын тұтынушы ретінде білім беру қызметтерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

- білім беру үрдісінің сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі және сыртқы жүйелерді құру бойынша ұсыныс сипаттың әдістемесін әзірлеу мақсатында әлемдік тәжірибені, оның ішінде шетелдік жоғары орындарын талдау және жалпылау жатады.

26. ОӘБ құқығы:

- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында ұсыныстар енгізуге;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын жетекшілік ететін; ақпараттық және басқа да құжаттарды, ОӘБ функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті, сұрауға және талап етуге;

- зерделеу үшін жұмыс тобын құруға және ұсыныстар әзірлеу жетілдіру мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ басқа да мәселелері, оның құзыретіне кіреді;

- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдердің ұйымдастыру жұмыстарына қатысуға

27. ОӘБ мүшелері:

- білім беру сапасын жетілдіру бойынша мәселелерді талқылауға қатысуға;

- ОӘБ қызметіне қатысты ақпараттарды сұратуға және алуға;

- ақпараттандыру бойынша отырыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;

- онлайн немесе жазбаша түрде мүмкін болмаған кезде іштей дауыс беруге ОӘБ шешімдерін қабылдауға қатысуға құқылы;

- ОӘБ құрамына жаңа кандидатураларды ұсынуға енгізуге құқылы;

28. ОӘБ:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру талаптарын бұзғаны;

- құзыретіне кіргізілген функцияларды орындамағаны үшін;

- осы ереженің 26-тармағында көзделмеген ОӘБ қызметінің өзге де талаптарын бұзғаны үшін жауапты.

29. ОӘБ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен ғана таратылады.